

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ






Үш мың жыл бұрын ежелгі Италия тұрғындары Жердің қамқоршысы әйел-құдай – Маяға табынған. Соның құрметіне бүгінге дейін мамыр айының алғашқы күні серуендеу мен салтанат мерекесі болып есептелді.





1890 жылы Париждегі откен II интернационал конгресінің шешімімен 1886 жылы Чикагода болған америкалық еңбекшілердің 8 сағаттық жұмыс күнін талап етіп, капиталистер мен қанауышыларға қарсы жаңқиярлық күресінің құрметіне Варшава қаласында сол жылдан бастап 1 Мамыр еңбекшілердің ынтымағы мерекесі ретінде аталып келеді.



Алғаш айтулы мейрамды 1890 жылы Аустро-Мажарстан, Белгия, Алмания, Дания, Испания, Италия, АҚШ, Норвегия, Франция, Швеция сияқты мемлекеттер атап отті. Содан бері аумалы-төкпелі заман өтіп, саяси жүйелер жаңғырса да, қазіргі танда 1 Мамыр мерекесін әртүрлі мазмұнда әлемнің 66 мемлекеті тойлайды.



Украинада 1 Мамыр күні халық аланда мереке үйымдастырып, орманда серуен құрып, кәуәп дайындейді.
Оңтүстік Африка республикасында халықтық өнер туындыларының көрмесін үйымдастырып, төмен бағамен жалпы халыққа арналған түрмистық бүйымдар сатылады.





Сицилияда жергілікті халықтың сенімі бойынша, бұл күні даладан түймедақ (ромашка) тери бақыт әкеледі-міс. *Испанияда* бұл күн гүлдер мерекесі болып саналады. Ал *Берлин* полицейлері үшін бұл күн ауыр да мазасыз күн, себебі елдегі партиялар мен қозғалыстардың шеруінің соны бей-берекет тәртіпсіздіктерге ұласып жатады.

Ал *америкалықтар* болса, мейрам екен демейді, жұмыс істейді. *Британияда* 1 Мамыр – демалыс күні. 1977 жылы лейбористер билік басында болғанда, бұл күн мемлекеттік мейрам ретінде аталып өтетін. *Еуропаның* көпшілік елдері бұл күнді атап өтуге соншалық ықыласты емес



Аустрия, Болгария, Бразилия, КХДР-да еңбек мейрамы ретінде мемлекеттік деңгейде аталып өтеді. *Ресей* империясында 1890 жылдан бастап 1 Мамыр мерекесі аталып келеді. Алайда 1897 жылы бұл мейрамды тойлаудың арты саяси сипат алып, бұқаралық бас көтеруге ұласады. Тек большевиктер 1917 жылдан бастап 1 Мамыр мерекесін тұрақты түрде атап өтуді дәстүрге айналдырған.



1 мамыр мейрамы *KCPO* құрсағындағы қырық құрау ұлыстарды бірыңғай кеңес халқына айналуына үлес қосқан-ды. 1 мамыр қызыл төңкеріс пен таптық күрестің символы болды. Кеңестік идеологияның тегеуріні сондай, 1 мамыр күні Маяковскийдің «Бейбітшілік! Еңбек! Мамыр!» деген сөзімен ұран тастап, алқызыл жалау желбіретіп, аланда тәбе көрсетпегендерді ертесіне жұмыстан шығарып жіберетін. KCPO-ның орнын басқан Ресейде 1 Мамыр мерекесін 1997 жылдан бастап Көктем және еңбек мерекесі ретінде атап өтеді.



ТМД елдері ішінде *Ресей мен Молдавия* бұл мейрамда қатарынан бес күн демалады. Ал *Әзірбайжан, Грузия, Түрікменстан және Өзбекстанда* 1 мамыр – жұмыс күні. Бірақ өзбек, түрікмен жұрты бұл күні ұлттық тағам дайындалап, өзбекше, түрікменше тойлайды.





Республикада қазақтардан басқа 131 ұлыстың өкілдері тұрады. 2013 жылы өткізілген [халық санағының](#) қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей болды:

[қазақтар](#) - 65,2%,

[орыстар](#) - 21,8%,

[өзбектер](#) - 3%,

[україндар](#) - 1,8%,

[үйғырлар](#) - 1,4%,

[татарлар](#) - 1,2% ,

[немістер](#) - 1,1%,

[корейлер](#) - 0,6%,

[туріктер](#) - 0,6%

1

мамыр






Әр отбасында
бірлік болсын !



Мирек, сердце ѡбен!





1 Мамыр жасасын!

gfgomdu.kz




1

мамыр



1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫң БІРЛІГІ КУНІ



Мамыр

Жан біткендей жас талға,
Шуақ ойнап арайлы.
Күн күлімдеп аспанда,
Мамыр әні тараиды.

Жайдары жаз төрге еніп,
Жадыратты жүртүмдү.
Жер дүние тербеліп,
Қала, дала құлпырды.

Н. Оразалин



МЕРЕКЕЛЕРНІЗБЕН !

1 мамыр мерекесі
құтты болсың !

